



комиссиясы (бұдан әрі - КСРО ҚМК), пайдалы қазба қорлары жөніндегі аумақтық комиссиялар (бұдан әрі - ҚАК) бекіткен Қазақстан Республикасының жер қойнауында барланған пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің қорлары оның ішінде мұнай, мұнайда ерітілген бос газ, конденсат, сондай-ақ йод, бром және өнеркәсіп, оның ішінде мұнай суларында бар басқа бағалы компоненттер;

кен орындарын пайдаланған кездегі жер қойнауындағы пайдалы қазбаны өндірудің және шығындардың, сондай-ақ өндіру процесі кезінде қорлар оларды асыра бағалау, өткізілген пайдалану және барлау жұмыстарының нәтижесіндегі және басқа себептерден болған өзгерістерінің мәліметтері - мемлекеттік баланста е с е п к е а л ы н у ғ а т и і с .

4. Барлау лицензиясы, біріктірілген барлау және өндіру лицензиясы бойынша жұмыстар жүргізілген жағдайда потенциалды коммерциялық объектілерді сынама пайдалануға Құзыретті орган Қазақстан Республикасының ҚМК немесе ҚАК-тың алдын ала сараптау қорытындылары бойынша олардың қорларын мемлекеттік балансқа қойғанға дейінгі мерзімге рұқсат береді.

5. Пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік баланспен есепке алу Қазақстан Республикасының ҚМК бекітетін пайдалы қазба кен орындары қорларының классификациясына сәйкес жүргізіледі.

6. Пайдалы қазба қорларының ахуалы мен қозғалысын есепке алу: кен орындары, қажет болған кезде - учаскелер (мұнай және газ үшін - тоғырлар), жеке кеніш алқаптары, шахта алқаптары және т.б.; пайдалы қазбалардың негізгі типтері және сорттары - бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады .

7. Мемлекеттік баланспен есепке алынуға тиіс пайдалы қазба қорлары: өндірілген және өңдеуге жіберілген; өндіру барысында жоғалған; жер қойнауында қалдырылған - болып бөлінеді.

Бекітілген пайдалы қазба қорларынан кейінгі геологиялық-барлау жұмыстары және пайдалану кезінде ауытқу қосу және алу белгілерімен есептелінеді.

8. Қазақстан Республикасының ҚМК және ҚАК, КСРО-ның ҚМК бекіткен қосалқы пайдалы қазбалар және компоненттердің, оның ішінде бытыраңқы таралған элементтердің қорлары есепке алынуға тиіс, олардың өндіру, байыту және әрі қарай өңдеу барысында алыну дәрежесіне тәуелсіз.

9. Өндірілген және өңделген баланстағы пайдалы қазба қорларын шығарып тастау оларды толық есептеп алу арқылы жүзеге асырылады.

10. Өндірілген және арнайы үйінділерге жинақталған пайдалы қазба қорлары, өңдеу қалдықтары техногенді, минералды құрылымдардың арнайы есебіне қ о й ы л а д ы .

11. Баланстық мағынасын жоғалтқан пайдалы қазба қорларын ресімдеу

Қазақстан Республикасының ҚМС немесе ҚАК шешімі бойынша жүргізіледі, ал баланстық мағына алған немесе арнайы үйінділерден алынғандарды есепке алуды жер қойнауын пайдаланушы өз бетінше жүргізеді.

12. Пайдалы қазба қорлардың, оларды төменгіден неғұрлым жоғары категорияларға ауыстыру процесінде Қазақстан Республикасының ҚМК немесе ҚАК белгілеген категориялардың сенімділік дәрежесінің нормативтік олқылықтар шегіндегі әртүрлі мағынада расталмауын жер қойнауын пайдаланушы өз бетінше ресімдейді, ал қорлар нормативтік олқылықтардан асатын алу белгісімен расталмаған жағдайда мемлекеттік балансқа түзетулер енгізуге Қазақстан Республикасының ҚМК немесе ҚАК рұқсаты болған кезде р ұ қ с а т е т і л е д і .

13. Пайдалы қазба қорларын қайта бекіту олар өзгерген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы, сондай-ақ Құзыретті орган бастамасымен жасалынады.

14. Өндіру кәсіпорны жойылған немесе консервацияланған кезде баланстағы пайдалы қазба қорларын шығарып тастау немесе оларды баланстан тыс топқа ауыстыру Қазақстан Республикасының ҚМК немесе ҚАК шешімі бойынша жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

15. Пайдалы қазба қорларының мемлекеттік балансы бойынша статистикалық есеп нысандарын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикалық о р г а н ы б е к і т е д і .

16. Пайдалы қазба қорларының мемлекеттік балансын жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі өкілетті орган ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармалар тапсырған әкімшілік облыстар бойынша пайдалы қазба қорларының балансы н е г і з і н д е ж а с а й д ы .

17. Әкімшілік облыстар бойынша пайдалы қазба қорларының баланстарын ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушылар тапсырған пайдалы қазба қорларының есептік баланстары негізінде жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық басқармалар жасайды.

18. Әкімшілік облыстары бойынша пайдалы қазба қорларының мемлекеттік және есептік баланстары мемлекеттік және есептік баланстар жасау жөніндегі Н ұ с қ а у ғ а с ә й к е с ж а с а л а д ы .

19. Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазба қорларының есептік баланстарын жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқармаларға ағымдағы жылдың 15-ақпанына дейін тапсырады. Жер қойнауын пайдаланушылар есептік баланстарды алғашқы есепке алудың, жылдық есептің және қорларды қайта есептеудің, Қазақстан Республикасының ҚМК немесе ҚАК хаттамаларының мәліметтері бойынша жасайды.

20. Барланудағы және пайдаланудағы кен орындарындағы пайдалы қазба қорларын есепке алудың дұрыстығын және уақыттылығын лицензия иелері қамтамасыз етеді.

21. Мемлекеттік баланстағы пайдалы қазба қорларының дұрыстығын және уақыттылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі республикалық және аумақтық органдар қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК